

2003-2005 жылдарға арналған Атырау облысында еңбекті қорғау жөніндегі бағдарлама туралы

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихаты кезектен тыс XXII сессиясының шешімі. 2003 жылғы 15 қаңтардағы N№279-II. Атырау облысының әділет басқармасында 2003 жылғы 24 қаңтарда N 1289 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқарулар туралы" Заңының 6 бабын басшылыққа алып, II сайланған облыстық Мәслихаттың XXII сессиясы шешім етті:

Атырау облысы әкімиятының 2003 жылғы 6 қаңтардағы N 5 қаулысымен ұсынылған 2003-2005 жылдарға арналған Атырау облысында еңбекті қорғау жөніндегі бағдарламасы бекітілсін (жалғанды).

О б л ы с т ы қ М ә с л и х а т ы X X I I

сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихаттың хатшысы

Атырау облыстық мәслихатының қаулысы

2003 жылғы 6 қаңтардағы N 5

2003-2005 жылдарға арналған Атырау облысында еңбекті қорғау жөніндегі Бағдарлама туралы

Облыс әкімиятының 2002 жылғы 12 қарашадағы N 285 "2003-2005 жылдарға арналған Атырау облысы бойынша еңбекті қорғау Бағдарламасын әзірлеу туралы" қаулысына сәйкес және облыс ұйымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында облыстық әкімият қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Атырау облысында еңбекті қорғау жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама (әрі қарай - Бағдарлама) мақұлданып, облыстық Мәслихаттың кезекті сессиясының бекітілуіне ұсынылсын.

2. Атырау қаласы және аудан әкімдері, облыстық басқармалар мен департаменттері, жұмыс берушілер (келісім бойынша):

1) Бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Атырау облысы бойынша департаментіне бағдарламаның орындалу барысы туралы тоқсан сайын есеп беру тоқсаннан кейінгі келесі айдың 5 жұлдызынан кешіктірмей а қ п а р а т б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В.В.Супрунға жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімиятының
2003 жылғы 6 қаңтардағы

№ 5 қаулысына қосымша

**2003-2005 жылдарға арналған Атырау облысында
еңбекті қорғау жөніндегі бағдарлама**

1. Бағдарламаның төлқұжаты

Бағдарлама атауы 2003-2005 жылдарға арналған Атырау облысында еңбекті қорғау жөніндегі Бағдарлама.

Бағдарламаны Атырау облыстық әкімиятының 2002 жылғы 12 қарашадағы әзірлеу негізі № 285 "2003-2005 жылдарға арналған Атырау облысында еңбекті қорғау жөніндегі бағдарлама туралы" қаулысы.

Бағдарлама Атырау облыстық әкімияты мен Еңбек және халықты бастамашысы әлеуметтік қорғау Министрлігінің Атырау облысы бойынша департаменті.

Бағдарламаның Облыстық барлық меншік түріндегі ұйымдарында адамдардың мақсаты мен денсаулығын және қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ету, міндеттері өндірісте қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдайлар туғызу, сәтсіз оқиғалары мен жарақаттанушылықтың алдын алу.

Негізгі Жұмыс берушілер.
орындаушылары

Бағдарламаның Бағдарлама еңбек ету кезінде адамдардың қауіпсіздігін, негізгі денсаулығы мен жұмыс қабілеті сақталуын қамтамасыз шаралары ететін ұйымдастыру-техникалық, гигиеналық, алдын алу шараларды жүзеге асыру мен құралдарды енгізуді көздейді. Шаралар жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін насихаттауға, өнеркәсіпті ғимараттар мен құрылыстарды, жабдықтарды, тетіктерді және жұмыс орындарын еңбек қауіпсіздігі жөніндегі стандарттардың, ережелердің, нормалардың талаптарына сай келтіріп, жабдықтар мен технологиялық процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық құралдарды өндіріске енгізуге бағытталған.

Бағдарламаның 2003-2005 жылдар
орындау мерзімдері

Қаржыландырудың Бағдарламаны 9 млрд 24 млн. теңге сомасында жұмыс түрлері мен берушілер есебінен қаржыландыру.
көлемі

Бағдарламаны жүзеге асыру қауіпті және зиянды орындаудан өндірістік факторлардың мейілінше кемуіне, жұмыс

күтілетін нәтижелер істеушілердің еңбек жағдайларының жақсаруына қол жеткізеді және адамдардың қауіпсіздігін, денсаулығы мен жұмыс қабілетінің сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Кіріспе

Азаматтардың Қазақстан Республикасындағы еркін еңбекке Конституциялық құқығын жүзеге асыру процессінде әрбір жұмыс істеуші қауіпсіздік талаптарына сай келетін еңбек жағдайын пайдалануға құқылы. Жұмыс берушілер өндірісте қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алуға, құқықтық ұйымдастыру-техникалық әлеуметтік-экономикалық шараларды дайындап жүзеге асыру есебінен адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға тиіс.

Еңбекті қорғау Бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 789 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында Бағдарламалар әзірлеу Ережесіне сай дайындалды және облыс экономикасы саласындағы 2000-2001-2002 жылдардағы еңбек келісімдер мен өндірістік жарақаттану жағдайы туралы есеп беру мәліметтерін ескере отырып әзірленді.

Облыс бойынша еңбекті қорғау және жарақаттанушылық ахуалын талдау құқықтық , ұйымдастыру-техникалық және әлеуметтік-экономикалық шаралардың алынуына қарамастан облыс бойынша еңбек жағдайлар ахуалы Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген еңбек қорғау талаптарына әлі де толық сай болмай отыр.

Шаруашылық субъектілердің меншік нысандарының өзгеруіне байланысты еңбекті қорғауға жұмсалатын шығындардың қысқаруы, өндірістік техникалық жабдықталу деңгейінің төмендеуі байқалуда. Облыстың экономикасын дамытудағы инвестициялардың күрт ұлғаюынан, азаматтық және өндірістік бағыттағы нысандар құрылысы көлемінің өсуінен, құрылыс техникасы мен тұрғызылатын конструкциялардың күрделіленуінен, автокөлік паркінің көбеюінен өндірістегі еңбекті қорғауда күрделі ахуал қалыптасуда. Өндірістегі жазатайым және жол-көлік оқиғаларынан болатын жарақаттанушылық төмендемей келеді.

Облыстың экономика салаларында барлық қызметкерлердің 17,6% санитарлық-гигиеналық талаптарға сай емес және еңбекке қолайсыз жағдайларда жұмыс істейді. 2002 жылы өндірісте 69 жазатайым оқиға орын алып, оларда 77 адам зардап шекті, соның ішінде 15 адам қаза тапты.

Құрылыс пен мұнайгаз кешенінде өндірістік жарақаттану деңгейі қауіп тудыруда. Өткен жылы құрылыс алаңдарында 18 адам өндірістік зардаптар шекті, бұл облыстағы барлық өндірісте зақымданудың 23% құрайды, оның ішінде 6 адам қазаға ұшырады, бұл қаза тапқандардың - 40%-і. Мұнайгаз кешенінде 20 адам зардап шеккен, бұл барлық жарақат алғандардың 26%-і, бұның ішінде 3 адам қаза тапты, немесе барлық қ а з а т а п қ а н д а р д ы ң 2 0 % - і .

Өндірістегі жарақаттану мен жазатайым оқиғаларының әлеуметтік және материалдық салдарлары төзгісіз тым жоғары. Соңғы екі жылда 30 адам еңбектегі

зақымданудан өмірінде тұңғыш рет мүгедек деп танылды, жұмыс берушілер еңбектегі зақымданудың залалы үшін 40,0 млн. теңгеден астам өтемақы төледі.

Еңбек қорғау жөніндегі мамандарды кәсіби дайындау мен қайта оқытуға, біліктілігін көтеруге назар аудару осалсыған.

2003-2005 жылдарға арналған еңбекті қорғау Бағдарламасы облыс экономикасының салаларында еңбекті қорғау жағдайларын түбегейлі жақсарту мақсатында жасалған.

3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

- ұйымдарда адамдардың денсаулығы мен қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жұмыс орындары мен технологиялық процестерде кез-келген тәуекелдің жолын кесу, жазатайым оқиғалары мен өндірістік жарاقاتтанудың алдын алу мен деңгейін төмендету болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері мыналар болып табылады:

- кәсіпорындарды, өндірістер мен нысандарды техникалық қайта жабдықтау;
- негізгі өндірістік қорларды жаңарту, жаңа және барынша жетілген өндірістік құралдар мен технологиялық процестерді енгізу;
- өндірісте зардап шеккендерді әлеуметтік, медициналық және кәсіби тұрғыдан оңалту;
- еңбекті қорғау мен еңбек жағдайларын жақсарту, санитарлық-сауықтыру шараларын жүзеге асыру.

4. Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

Бағдарламаның негізгі бағыттары:

- жабдықтар мен жұмыс орындарын еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелер мен нормалар стандартының талаптарына сай келтіру жөніндегі жоспарларды әзірлеу мен іске асыру;

- қызметкерлерді қажетті санитарлық-тұрмыстық жағдайлармен, жеке қорғау құралдарымен, емдеу-сауықтыру мақсатындағы тамақтандырумен қамтамасыз ету, жоспарларын әзірлеу және іске асыру;

- апаттың алдын алуға, өндіріс нысандарында апат орын алған кезде және оны жоюда ұйымдасқан іс-әрекетке дайындықты қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу мен іске асыру;

- өндірістік тәуекел факторларын алдын алу шараларын әзірлеу мен іске асыру, қауіпті өндірістік нысандарда өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру;

- еңбек қорғау ережелерін бұзушылық факторлары мен себептерін талдау және оларды жою шараларын пысықтау;

- кәсіпорындар мен мекемелерде еңбек қорғау нормаларының сақталуын

насихаттауды

енгізу;

- еңбек қорғау кадрларын оқыту мен дайындау;
- жұмыс берушілермен еңбекті қорғауға ақшалай және материалдық қаржы бөлу.

5. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Еңбек қорғауды, жарақаттанудың алдын алуды техникалық қамтамасыз ету, жұмыс істеп тұрған өндірістегі қол және ауыр дене еңбегінің үлесін азайтуға бағытталған қайта жарақтану мен жаңғырту жөніндегі инженерлік-техникалық шараларын жүзеге асырылуын көздейді, технологиялық процестерді жетілдіру, өндірістік жабдықтарды автоматты және дистанциялық басқару жүйесін енгізу, өнеркәсіп пен құрылыс алаңдарындағы өндірістік ғимараттарды, құрылыстарды, бөлмелерді, жұмыс орындарын еңбек қорғау талаптарына сәйкес келтіру, өндірістегі санитарлық-гигиеналық жағдайды жақсарту, өрт-қопарылыс қауіпсіздігінің деңгейін көтеру, жұмыс орындарындағы шаңдануды, газдануды, шуды, тербелісті нормативтік талаптарға дейін төмендету, қауіпсіз жұмыс пен адамдардың зиянды факторлар әсерінен қорғалуын қамтамасыз ететін машиналар мен механизмдерді жетілдіру.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін жұмыс берушілермен 9 млрд. 24 млн. теңге көлемінде өз есебінен қаржыландыру қарастырылуда. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар еңбекті қорғауға жыл сайын ақшаны өз мүмкіндіктерінен шыға отырып бөлуге тиісті.

6. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны жүзеге асырудан мынадай нәтижелер күтіледі:

- 6.1. қолайсыз және зиянды жағдайда жұмыс істейтіндер санын 5591 адамға азайту;
- 6.2. Санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келмейтін 812 жұмыс орнын қысқарту;
- 6.3. Ауыр дене еңбегімен айналысатындар санын 1220 адамға азайту;
- 6.4. Өндірістегі жазатайым жағдайлар санын қысқарту;
- 6.5. Жұмыс істейтіндерді арнаулы сырт және аяқ киімдермен, жеке қорғау құралдарымен, санитарлық-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету;
- 6.6. Бейөндіріс жұмыс уақытының ысырабын қысқарту;
- 6.7. Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары үшін қосымша төлемдер мен өтемақыларды азайту.

7. Атырау облысында еңбекті қорғау жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған Бағдарламасын жүзеге асыру шараларының жоспары

N	Шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Шамамен жұмсалатын қаржы көлемі (млн. теңге)	қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1.	Өнеркәсіп және құрылыс алаңдарының	Қолайсыз және зиянды	Жұмыс берушілер	2003-2005	3277,0	Жұмыс берушілер

өндірістік ғимараттарын, еңбек қаржысы							
құрылыстарын, жағдайында есебінен							
бөлмелерін, жұмыс жұмыс							
орындарын еңбек жасайтын							
қорғау талаптарына қызметкерлер							
сай қалыпқа келтіру санын 5591							
(жолдарды, бетон адамға қысқарту,							
жолдарын, жаяу жол 812 жұмыс							
өткелдерін күрделі орындарын							
жөндеу, жаңғырту, санитарлық-							
құрылысын салу және гигиеналық							
база жертелім талаптарға							
аумағын қоршау) сай келтіру							
Соның ішінде:							
- "Ембімұнайгаз" ААҚ (келісім бойынша); Мақашев Н.М. 2003-2005 500,0							
- "Казтрансойл" ЖАҚ Батыс							
бөлімшесінің Атырау мұнай құбырлары Снхчян С.С. 2003-2005 1579,0							
басқармасы (келісім бойынша);							
- "Атыраубалық" ААҚ (келісім бойынша); Долгих С.Н. 2003-2005 3,8							
- "Атыраужарық" ААҚ (келісім бойынша); Рахманов А.Д. 2003-2005 2,1							
- "Атыраублгас" ААҚ (келісім бойынша). Балакин А.Н. 2003-2005 26,1							
2. Өндірістік жабдықтарды Ауыр дене Жұмыс							
автоматты және алыстан еңбегінің берушілер 2003-2005 931,0 Жұмыс							
басқару жүйесін енгізу атқаратын берушілер							
- қоршауды алған жағдайда қызметкерлер қаржысы							
конвейерлер мен тетіктерді санын 1220 есебінен							
автоматты айыру адамға							
блокировкаларын монтаждау қысқарту							
Соның ішінде:							
- "Ембімұнайгаз" ААҚ 242 адам Махашев Н.М. 2003-2005 60,0							
(келісім бойынша);							
- Атырау мұнай құбырлары 135 адам Снхчян С.С. 2003-2005 750,0							
басқармасы (келісім бойынша);							
- "Атыраублгас" ААҚ 170 адам Балакин А.Н. 2003-2005 1,0							
(келісім бойынша);							
- Полипропилен зауыты ЖШС 120 адам Сатқаев К. 2003-2005 0,5							
(келісім бойынша)							
3. Технологиялық, көтеру- Жабдықтар Жұмыс 2003-200 47,6 Жұмыс							
көліктік және басқа мен технол. берушілер берушілер							
өндірістік жабдықтарды процестердің қаржысы							
жетілдіру: қауіпсіз және есебінен							
- резервуар парктерінде апатсыз							
өткел көпірлерін дайындау жұмыс істеуі							
және орнату;							
- машиналар мен тетіктердің							
қозғалмалы бөлшектер							
қоршауларын жөндеу;							
- технологиялық желілерде							
өткел көпірлерде қызмет							
көрсету алаңдарын							
дайындау мен орнату							
Соның ішінде:							
- "Ембімұнайгаз" ААҚ (келісім бойынша); Мақашев Н.М. 2003-2005 36,7							
- "Атыраубалық" ААҚ(келісім бойынша); Долгих С.Н. 2003-2005 0,3							

- "Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы" ЖАҚ бөлімшесі	ЖАҚ	Атырау	Ізғұлов Ж.Т.	2003-2005	0,05
4. Цехтарды, учаскелерді, бөлімшелерді еңбек қорғау жөніндегі көрнекті құралдармен, қауіпсіздік белгілермен, құжаттармен	(келісім бойынша); Қауіпсіз жұмыс істеу әдістері мен нормативтік қамтамасыз ету	Жұмыс берушілер	Мақашев Н.М.	2003-2005	12,7
С о н ы ң і ш і н д е :					
- "Ембімұнайгаз" ААҚ (келісім бойынша);	Сервистік бұрғылау	Нұржанов А.С.	2003-2005	0,4	
- "Қазмұнайбұрғылау кәсіпорны" ЖШС	(келісім бойынша);	Рахманов А.Д.	2003-2005	1,5	
- "Атыраужарық" ААҚ (келісім бойынша);	Атырау магистральдық газ құбырлары	Әбушахманов К.И.	2003-2005	3,3	
5. Цехтардың, учаскелердің, зертханалардың ауа тарту жүйелерін жаңғырту, өнеркәсіптік кондиционерлерді алдыру мен қондыру	жағдайын жақсарту	Еңбек берушілер	2003-2005	48,2	Жұмыс берушілер қаржысы есебінен
С о н ы ң і ш і н д е :					
- "Ембімұнайгаз" ААҚ (келісім бойынша);	Атырау магистральдық газ құбырлары	Мақашев Н.М.	2003-2005	30,4	
- "Атыраужарық" ААҚ (келісім бойынша);	Атырау магистральдық газ құбырлары	Әбушахманов К.И.	2003-2005	1,1	
- "Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы" ЖАҚ Атырау тасымалдау бөлімшесі (келісім бойынша)	Атырау тасымалдау	Ізғұлов Ж.Т.	2003-2005	2,0	

6. Өндірісте жұмысшыларды Қызметкерлерді Жұмыс 2003-2005 538,2 Жұмыс жазатайым оқиғалардан әлеуметтік берушілер берушілер сақтандыруды енгізу. қорғау қаржысы есебінен

Соның ішінде:

- "Ембімұнайгаз" ААҚ (келісім бойынша); Мақашев Н.М. 2003-2005 85,0
- Атырау мұнай құбырлары басқармасы (келісім бойынша); Снхчян С.С. 2003-2005 305,7
- "Атырау мұнай өңдеу зауыты ААҚ (келісім бойынша); Шишлов С.С. 2003-2005 20,5
- "Атыраужарық" ААҚ (келісім бойынша); Рахманов А.Д. 2003-2005 13,5
- "Атырауоблгаз" ААҚ (келісім бойынша). Балакин А.Н. 2003-2005 8,5

7. Зиянды еңбек жағдайында Аурулардың Жұмыс жұмыс істейтін қызметкерлерді алдын алу берушілер 2003-2005 150,1 Жұмыс медициналық тексеруден өткізу, және 14200 берушілер

оларды сүт өнімдерімен және қызметкерді қаржысы есебінен

дезинфекциялаушы құралдармен сауықтыру

қамтамасыз ету. Соның ішінде:

- "Ембімұнайгаз" ААҚ 900 адам Мақашев Н.М. 2003-2005 27,0

(к е л і с і м	б о й ы н ш а) ;				
- Атырау мұнай құбырлары басқармасы	400 адам	Снхчян С.С.	2003-2005	9,8	
(к е л і с і м	б о й ы н ш а) ;				
- "Атыраужарық" ААҚ	250 адам	Рахманов А.Д.	2003-2005	2,3	
(к е л і с і м	б о й ы н ш а) ;				
- "Атыраубалық" ААҚ	200 адам	Долгих С.Н.	2003-2005	5,6	
(к е л і с і м	б о й ы н ш а) ;				
- "Атырау мұнай өңдеу зауыты ААҚ"	500 адам	Шишлов С.С.	2003-2005	18,2	
(к е л і с і м	б о й ы н ш а) ;				
8. Санитарлық-тұрмыстық орындарды кеңейту, жаңғырту және жабдықтау (киім ілетін, жуынатын жерлерді, әйелдердің жеке тазалық бөлмелерін, тамақ ішетін орындарды және басқаларды санитарлық нормалар мен ережелер талаптарына сәйкестендіру)	15245 жұмыс берушілер	Жұмыс берушілер	2003-2005	615,8	Жұмыс берушілер қаржысы есебінен
- асханаларда, санитарлық-тұрмыстық бөлмелерде жөндеу жұмыстарды жүргізу;					
- киім ілетін шкафтарды жөндеу;					
- әкімшілік-тұрмыстық, өндірістік корпусстар ғимараттары бойынша жөндеу жұмыстарын атқару;					
- санитарлық-техникалық жөндеу немесе алмастыру;					қондырғыларды
- "Ембімұнайгаз" ААҚ (келісім бойынша);		Мақашев Н.М.	2003-2005	100,0	Соның ішінде:
- Атырау мұнай құбырлары басқармасы		Снхчян С.С.	2003-2005	308,0	
(к е л і с і м	б о й ы н ш а) ;				
- "Атыраужарық" ААҚ (келісім бойынша);		Рахманов А.Д.	2003-2005	2,9	
- "Қазақстан темір жолы Ұлттық компаниясы" ЖАҚ		Атырау			тасымалдау бөлімшесі
(к е л і с і м	б о й ы н ш а) .				
9. Суық ауада жұмыс істейтіндердің жылытылуын және ашық ауада күн сәулесінен қалқалауды ұйымдастыру	Еңбек Жұмыс берушілер	Жұмыс берушілер	2003-2005	27,0	Жұмыс берушілер қаржысы есебінен
10. Кәсіби білімі жоқ жұмысшыларды оқу комбинаттарында еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне үйретуді ұйымдастыру. Соның ішінде:	Апат	Жұмыс берушілер	2003-2005	55,8	Жұмыс берушілер қаржысы есебінен
	жағдайларға берушілер	соқтыратын мүмкіндіктер			

- "Ембімұнайгаз" ААҚ (келісім бойынша);	мен ереже	Мақашев Н.М. 2003-2005	бұзушылықты	20,0
- Атырау мұнай құбырлары басқармасы (келісім бойынша);	қондырғылар	Снхчян С.С.	болдырмау,	5,7
- Атырау магистральды газ құбырлары басқармасы (келісім бойынша);	жабдықтарда	Әбушахманов К.И.	мен білікті	2,7
- "Атырауоблгаз" ААҚ (келісім бойынша).	қызмет	Балакин А.Н.	көрсету	0,5
11. Қызметкерлерді арнаулы киіммен аяқ киіммен және басқа сақтану құралдармен қамтамасыз ету. Соның ішінде:	Жұмыс істейтіндерді берушілер өндірістегі зиянды	Жұмыс 2003-2005	502,5 Жұмыс берушілер қаржысы есебінен	
- "Ембімұнайгаз" ААҚ (келісім бойынша);	факторлардан	Мақашев Н.М. 2003-2005	145,0	корғау
- Атырау мұнай құбырлары басқармасы (келісім бойынша);		Снхчян С.С. 2003-2005	131,3	
- "Атырау мұнай өңдеу зауыты ААҚ (келісім бойынша);		Шишлов С.С. 2003-2005	18,6	
12. Еңбек қорғау жөніндегі кабинеттерді, оқу орындарын жабдықтау. Соның ішінде:	Еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне сапалы оқыту	Жұмыс берушілер	2003-2005 10,2 Жұмыс берушілер қаржысы есебінен	
- "Ембімұнайгаз" ААҚ (келісім бойынша);	және	Мақашев Н.М. 2003-2005	2,9	нұсқау беру
- Атырау мұнай құбырлары басқармасы (келісім бойынша);		Снхчян С.С. 2003-2005	0,9	
13. "Теңізшевройл" ЖШС-да еңбек қорғау жағдайларын жақсарту және санитарлық-сауықтыру шараларын жүзеге асыру.	Еңбек жағдайлары мен қорғауды жақсарту	Том Уинтертон	2003-2005 2808,0 Жұмыс берушінің қаржысы есебінен	
14. Жұмысшыларды дербес жұмысқа қосу ережелерін сақтау (тәжірибеден, нұсқаудан өткізу, білімін тексеру).	Жарақаттанудың алдын алу мен оны төмендету	Жұмыс берушілер	Тұрақты берушілер мен оны төмендету	
15. Ірі нысандарда жұмыс істеу мен қызмет көрсету үшін жарияланатын тендер талаптарында еңбекті қорғау	Қалыпты және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету	Жұмыс берушілердің тендер комиссиялары	Тұрақты берушілердің тендер комиссиялары	

з а н д а р ы н	с а қ т а у д ы	е с к е р у
16. Мекемелердің ұжымдық шарттарына жұмыс орнындағы және технологиялық процестегі кез келген	Қызметкерлерге жағдайлар туғызу тәуекелді	Жұмыс берушілер шарт жасағанда болдырмау
ш а р л а р ы н		е н г і з у .
17. Өндірістік нысандарда зиянды және қауіпті факторлар орын алмауы үшін мезгілдік аттестациялаулар өткізу.	Қауіпсіз еңбек	Жұмыс берушілер жағдайларын қамтамасыз ету
18. Жеке еңбек шарттарында еңбек жұмыс берушінің қосымша міндеттемелерін ескеру	Жұмысшыларға жағдайлар	Жұмыс берушілер Үнемі берушілер туғызу
19. Еңбек қорғау жөніндегі жаңа нормативтік-құқықтық актілерді оқып-үйренуді ұйымдастыру	Еңбек қорғау жөніндегі білімін көтеру	Жұмыс берушілер, Еңбек және Х Ә Қ М и н . департаменті
20. Ауыл шаруашылығы өндірісінде еңбек қорғау нормалар талаптарын сақтау.	Жарақаттану мен жазатайым оқиғалар деңгейін	Облыстық ауыл шаруашылық басқармасы төмендету
21. Мыналарды жұмыс берушілердің назарына жеткізу: - жеңілдік пен зейнетақы алуға құқық беретін өндірістер, жұмыстар, кәсіптер, лауазымдар тізімін; - емдік-алдын алу мақсатындағы тамақтандыру нормаларын; - технологиялық процестерді құрал-саймандарға қойылатын ережелер мен гигиеналық өндірістік ортаның биологиялық әсерінің гигиеналық	Жұмыс істеушілердің әлеуметтік кепілдері мен еңбек ұйымдастыруға, қойылатын физикалық, шектеулі нормативтерді.	Еңбек және Үнемі ХӘҚ Мин. департаменті, Облыстық СЭС қауіпсіздігін қамтамасыз ету санитарлық нормативін, химиялық, мөлшерінің
22. Мекемелер мамандарының, инженерлік-техникалық қызметкерлерінің еңбек қорғау жағдайы жөніндегі кәсіби білімін көтеруді ұйымдастыру	Еңбек қорғау жөніндегі кадрлардың кәсіби	Жұмыс берушілер Жыл сайын Жұмыс беруші

23. Облыс мекемелерінде техника дайындығын көтеру қаржысы
қауіпсіздігі мен еңбек қорғау жағдайы Еңбек қорғау Жұмыс Жыл Жұмыс
жөніндегі фото, бейне материалдар заңнамасының берушілер сайын беруші
көрмелерін ұйымдастыру. сақталуын қаржысы
камтамасыз ету

24. Шаруашылық тұлғалардың еңбек Еңбек Еңбек және Жоспарға
қорғау заңдарын сақтауына тексеруді қорғау үшін ХӘҚ Мин. сәйкес
күшейту және бұзушылыққа жол берген жауапкершілік департаменті
кінәлі лауазым иелері мен мекемелерге деңгейін
заңға сай әкімшілік ықпалы ету көтеру

ш а р а л а р ы н қ о л д а н у .

25. Мемлекеттік бюджеттен Еңбек қорғау Құрылыс және Жыл
қаржыландырылатын басқармаларда, және тиісті коммуналдық сайын
департаменттерде ведомстволық жағдайлар шаруашылық
бағысындағы мекемелер туғызуды Департаменті,
қызметкерлерінің еңбек жағдайларын жақсарту облыстық білім және
жақсарту үшін жыл сайын қаржы бөлу. денсаулық басқармасы

26. Облыстық телерадиокомпаниясы, Жарақаттану Облыстық Үнемі
"Прикаспийская коммуна", "Атырау" мен жазатайым телерадио-
газеттер редакциялары еңбек қорғау оқиғаларды компаниясы
шараларын насихаттау үшін эфир төмендету, (келісім бойынша)
уақыты мен газет беттерінен орын қызметкерлердің "Прикаспийская
беруді қарастырсын. білім деңгейін коммуна",
көтеру және "Атырау"
насихаттау газеттер

жұмыстары редакциялары

Бағдарламада қолданылған қысқартылған белгілер

А А Қ - ашық акционерлік қоғам

Ж А Қ - жабық акционерлік қоғам

Ж Ш С - жеке шаруашылық серіктестігі

Еңбек және ХӘҚ Мин.департаменті - еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау Министрлігінің департаменті

Облыстық СЭС - Облыстық санитарлық-эпидемиялық стансасы